

Сыдық Перизат Сәндібайқызының
«8D02304 - Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған «Тілдік рефлексия: дискурстық талдау
(қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндер негізінде)»
диссертациясының
АҢДАТПАСЫ

Диссертация тақырыбының сипаттамасы. Тілді оның иесімен, сөйлеушімен бірлікте зерттеу қазіргі кезде маңызды болып, тіл білімінің жаңа бағыттарының қалыптасуына ықпал етіп отыр. Тіл ғылымына елеулі серпін берген психология, информатика, лингвистика, философия мен нейробиологияда қолданылатын әдістердің жиынтығы қазіргі когнитивистика (таным теориясы) ғылымында адам санасының жұмыс жасау қағидаларын түсіндіруде қолданылады. Тілді антропоэзектік көзқарас тұрғысынан зерттеуде оны ойлау жүйесімен бірге қарастыру қажеттілігі туындады. Бұл жайында Гарвард университетінің профессоры, нейропсихолог С. Пинкер өзінің «Тіл – инстинкт» атты кітабында дәлелді де нақты тұжырымдар арқылы егжей-тегжейлі түсіндіреді: «Тіл қабілетін зерттеген жаңа ізденістер біздің түсінігіміздегі тілге, оның адам өміріндегі рөлі мен адамзаттың оған деген ұғымына төңкеріс жасады. Білімді адамдардың көпшілігінің тіл туралы қалыптасқан өзіндік пікірі бар. Олар оны адам мәдениетінің өте маңызды өнімі, біздің емеурін-белгілеріміздің, қарым-қабілетіміздің ең мәндісі (квинтэссенция) әрі жан-жануардан бөлектеп тұратын теңдессіз табиғи феномен деп біледі. Сондай-ақ, тіл мен сананың өзара сіңісіп, белгілі бір тілдің белгілі бір сана қалыптастыратыны, сөйтіп, әр тілде сөйлеушілердің өмірді әртүрлі түсінетіндері байқалды». Сөйлеушілердің өмірді түрліше түсінуінің құрамында олардың әрбірінің өз әрекетіне, сөзіне, айналасындағы болып жатқан қандай да бір құбылыстарға сыни көзқарасы мен өзіндік бағасы да бар. Бұл да тілде таңбалаңады.

Тілдік рефлексия феномені – қазіргі кезде тіл біліміндегі өзекті, зерттеуді әлі де қажет ететін мәселенің бірі. Аталған феномен жайындағы білім ауқымының соңғы уақыттарда кеңеюі, рефлексияны жүзеге асырудағы тілдің маңызды құрал екендігімен байланысты. Бұл ғылыми зерттеулердегі тіл мен ой, тіл мен сана, сөйлеу қызметінің адамның өзін - өзі тануына, яғни рефлексия жасауына ықпал ететіні жайында айтылған пікірлермен ұштасады. Рефлексия арқылы адам өзіне терең бойлап, ішкі жай-күйіне назар аударатын болса, оның санасында орын алатын менталды үдерісті оның айтқан сөзінен, шығарма мәтінінен, белгілі бір тілдік белгілері арқылы айқындауға болады, тілдік рефлексия тілдік таңбаларда көрініс береді.

Л.М. Шайкенованың айтуынша, рефлексияны зерттеудің ерекшелігі адамның өзін-өзі тануы, өз ойын, идеяларын, сезімдерін, арман тілектерін ой елегінен өткізу, бағалау қабілеттерін зерттеумен байланысты.

Ұсынылып отырған диссертацияда тілдік рефлексия терминімен анықталатын құбылысқа дискурстық талдау жасалып, оның өзіндік ерекшеліктері, вербалдануы, метатілдік көрсеткіштері талданып жүйеленген. Ғылыми зерттеулердегі тілдік рефлексияны, метамәтіндік талдауды жасауда қолданылатын модельдер мен сызбалар сипатталып, қазақша және ағылшынша көркем мәтіндердегі рефлексивтердің, метамәтіндік элементтердің көрінуін салғастыра зерделеуде пайдаланылған. Сондай-ақ ғылыми-зерттеуде тілдік тұлғалардың метатілдік рефлексиясының көрінісі сауалнама арқылы анықталып, талданып, тұжырымдалған.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі тіл білімінің антропоөзекті парадигмасы адамның сөзін зерттеуден «сөйлеуші адамды» зерттеуге ауысқаны тілдік тұлға мәселесін де туғызды. Тілдік тұлғаның психикасы, әлеуметтік, этикалық және өзге де қырлары тілі мен дискурсы арқылы танылады. Оны танытуға мүмкіндік беретін – тілдік сана. Ал тілдік сана тілдік тұлғалар өмір сүретін қоғамның өзгерісін тіл арқылы бейнелейді. Ол өзінің бейнелеу нысанын екшеуде рефлексияға сүйенеді.

Рефлексия деп отырғанымыз – жеке тұлғаның өзінің ойы мен идеяларына, пікірі мен түсініктеріне өзіндік талдау жасауы, менталды үдеріс. Тілдік тұлғаның рефлексиясы тілге және дискурсқа қатысты екі жақты сипатта орындалады: 1) тілдік тұлға – сөйлеуші (жағдаятқа сай сөз түзуші), 2) өзінің сөйлеу әрекетін бағалаушы. Бұл тұста тілдік тұлғаның тілдік рефлексиясы көрініс табады. Тілдік рефлексияға қабілетті болу – тілдік тұлға дамуының бір факторы. Тілдік рефлексия – ұлттық өзіндік сана мен мәдениеттің бөлігі болып саналады. *Тілдік рефлексия* дегеніміз – сөйлеуде бақыланатын және тілдік сананың өзін тануға бағытталған рефлексивтер. Тілдік рефлексия – тіл мен сана қызметінің бірлігі сапасында көрініс табатын күрделі құрылым. Тілдік рефлексивтер метамәтіндер арқылы вербалданатыны белгілі. Сондықтан да тілдік рефлексия мен метатілдік, метамәтіндік рефлексия және метатілдік сана, метамәтіндік сана, тілдік өзіндік сана тіркестері сабақтаса, жарыса қолданылады. Метатілдік рефлексияның формалды (түрлі метакөрсеткіштер) және мазмұндық (тақырыбы, стереотиптері, мифтер) түрлері ажыратылады. Осы мәселелер қазақ тіл білімінде жеткілікті зерттелмеген. Оның үстіне ХХІ ғасырдағы жаңа ұрпақтың қарым-қатынас ұстанымында өзгеріс байқалады: ХХ ғасырдағы «бәріміз біріміз үшін» деген ұжымдық ой «әуелі өзім үшін» деген «өзімшілдікке» ауысқаны аңғарылады. Бұл да – тілдік тұлғалардың рефлексиясының нәтижесі. Өзгелермен қарым-қатынастағы бұл өзгерісті тілдік рефлексиямен сабақтастыра зерттеу тіл ғылымының жаңа нысанының бірі деуге болады. Сондықтан зерттеу тақырыбы өзекті әрі маңызды деп есептейміз.

Зерттеудің мақсаты. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексияға дискурстық талдау жасау арқылы рефлексияның қазақ, ағылшын тілдеріндегі (мәтіндегі) және қазақша,

ағылшынша сөздегі (дискурстағы) вербалдану амал-тәсілдерін анықтау, салғастыра талдау, сипаттау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

- Рефлексия, тілдік рефлексия мәселелерін зерттеген теориялық ғылыми-зерттеулерге талдау жасау арқылы негізгі тұжырымдарды, басты мәселелерді, зерттеу бағыттарын айқындау, жүйелеу.

- Тілдік рефлексияның вербалдануын, өзіндік белгілерін анықтау.

- Г. Гиббс ұсынған рефлексияның циклдік моделіне және ғылыми айналымда жүрген метатілдік талдау сызбаларына сай қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндерді талдап, метамәтіндердің, рефлексивтердің өзіндік ерекшеліктерін, түрлерін, заңдылықтарын айқындау.

- Тілдік тұлғалар санасындағы рефлексияның тілдік рефлексивтерде таңбалануын респонденттермен жүргізілген сауалнамалар арқылы айқындау, алынған материалдарды талдау, қорытындылау, соның негізінде практикалық ұсыныс беру (мәтінге рефлексивті талдау жасау моделін ұсыну).

Диссертацияның **зерттеу нысаны** – тілдік рефлексияны таңбалайтын метамәтіндер, рефлексивтер.

Зерттеу пәні. Тілдік рефлексивтердің рефлексивті лингвистика, лингвистика теориясында көрсетілген ерекшеліктері.

Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізі.** Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізі** мынадай еңбектерге сүйенілді: рефлексивті лингвистика (Л.М. Шайкенова, К.К.Окушева, Г.А. Борибаева, Б.М. Гаспаров, Н.К. Рябцева, Б.Ю. Норман, Т.В. Булыгина, А.Д. Шмелев, И.Т. Вепрева, Э.Л. Трикоз, Н.Д. Голев т.б.), тіл мен сана, тіл мен ойлаудың қатынасына байланысты (В. фон Гумбольдт, А.Н. Ростова, А.Ф. Колясева, Л.Х. Сарамотина, Ә. Хасенов), тіл және сана, сана мен ойлау, тіл мен мәдениеттің өзара байланыс мәселелері (Э. Сепир, А.А. Потебня, Л.В. Щерба, Л.В. Выготский, А.Н. Леонтьев, А.А. Леонтьев, А.А. Залевская, Е.Ф. Тарасов, Н.В. Уфимцева және т.б.), лингвокогнитология (Ж.А. Манкеева, А.Б. Әмірбекова, Қ.Ө. Есенова, А.О. Тымболова), рефлексияны философиялық аспектіде қараған (С.Л. Катречко және т.б.), педагогикада (А. Әлімов, М. Оспанбекова), психологияда (С.Л. Рубинштейн және т.б.), дискурс және мәтін териясы (Т. Ван Дейк, К.А. Долинин, О.С. Иссерс, В.И. Карасик, М.Н. Кожина, М.Л. Макаров, Е.С. Кубрякова, Н.К. Рябцева, И.А. Стернин, Ж.А. Исмаилова, Қ.К. Кенжеқанова, Б. Қалиұлы, Х.С. Мухамадиев, К. К. Садирова т.б.).

Зерттеу дереккөздері. Тілдік рефлексия мәселесін зерттеген теориялық материалдар, А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» (45 қара сөзінің мәтіні, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Ойға түстім толғандым» өлеңдерінің үзінділері), Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» шығармасы, Ш. Мұртаза «Ай мен Айша» мәтіні, У. Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша» (The Moon and Sixpence), О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» (The Picture of Dorian Gray),

тілдік тұлғалардың ана тіліндегі мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік түсіндірмелеріне (комментарийлеріне) талдау үшін сауалнамаға қатысушыларға берілген мәтін, респонденттердің екі тілде (қазақша, ағылшынша) ұсынылған мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік көрсеткіштер, рефлексивтерді талдау мақсатында ұсынылған мәтін, тілдік тұлғалардың рефлексиясына талдау жүргізу үшін жүргізілген сауалнама материалдары (2484 метамәтін), Google кесте форматындағы сауалнамаға қатысқан 208 респонденттің жауап материалдары. Рефлексивтерге лексика-семантикалық талдау жасауда, метамәтіндік және дискурстық талдау жасауда пайдаланылған қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, ағылшын тілінің сөздіктері мен sozdikgor.kz, [Merriam-Webster](http://Merriam-Webster.com), Cambridge Dictionary электронды ресурстары.

Ғылыми жұмысты орындау барысында төмендегі зерттеу әдістері қолданылды: жалпы ғылыми әдістер – тілдік деректерді жинақтау, талдау, салыстыру, өңдеу, сипаттау; арнайы лингвистикалық әдістер – дискурс талдау, метамәтіндік талдау, сөздерге лексика-семантикалық талдау, салғастырмалы талдау әдісі, когнитивтік модельдеу (G.Gibbs' Reflective cycle), интроспекция әдісі (өзіндік тілдік сананы зерттеу), психолингвистикалық эксперимент (сауалнама) әдісі.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Тілдік рефлексия – тілдік санада орын алған реакцияның тілдік таңба арқылы бейнеленіп, жеке тұлғаның ішкі пікірімен үндесетін үдеріс. Тілдік және бағалау рефлексиясы дискурста түзіліп тілдік бірліктер (рефлексивтер) арқылы мәтінде көрінеді. Мәтін – адресат танымына бағытталған, дискурста жанданатын, коммуниканттардың бір-біріне әсерін білдіретін коммуникация өнімі, дискурс бірлігі. Мәтіндегі автордың эмоциялары мен сезімдерін айшықтайтын ақпаратты адресаттың қабылдап, оны интерпретациялауында дискурстық жүйе түзіледі. Осы жүйеде адресат автордың санасындағы танымды (не білімді, ақпаратты) өз санасында қайта түзеді, автордың танымына сай таңдалған тілдік бірліктер метатіл және метамәтін ұғымдарымен сәйкеседі. Осы ұғымдар санада рефлекс туғызып, рефлексия үдерісіне қозғау салады, соның негізіндегі ақпаратты жеткізудегі тілдік құралдар рефлексивтер не метамәтін болып саналады. Рефлексияны сана компоненті деп қарастырсақ, санадағы рефлексияны дискурста дискурстық бірлік тасымалдайды. Бұл ретте тілдік тұлғаның таным әлемі, көркемдік әлемі, жеке тіл әлемі тұтасып тілдік рефлексияның рефлексивтерде, метамәтінде тасымалдануын туғызады.

2. Тілдік рефлексия адамның тілі шығып, қалыптасып келе жатқанда пайда болады да, тілдік тұлға дамуының көрсеткіші болып табылады. Ол метамәтіндер арқылы вербалданады. Тілдік тұлғалардың рефлексияға қабілетті болуы – тілдік тұлға дамуының бір факторы. Тілдік рефлексия тілдік өзіндік санаға не метамәтіндік санаға сүйене отырып дискурста тілдің игерілуіне ықпал етеді.

3. Көркем дискурс пен мәтіннің рефлексивті лингвистикада көрінуін былайша сипаттасақ болады: автор мәтінді жазады және ол оқырманның танымына, түсінігіне бағыттала отырып, тілдік санасында реакцияға түседі (оқырманның аялық білімімен сәйкеседі); Тілдік санаға әсер еткен автор тарапынан берілген стимул сөздер (таңбалар) рефлексия барысында адресаттың метатілдік рефлексия жасауына мүмкіндік береді; осының нәтижесінде пайда болатын өнім – рефлексив немесе метамәтін.

4. А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен О. Уайльд «Дориан Грейдің портреті» көркем мәтінде рефлексияның тұлғалық, коммуникативті, интеллектуалды, әлеуметтік, экзистенциалды және саногенді түрлері бірдей, ал кәсіби рефлексия тек О. Уайльдтің көркем мәтінде, кооперативтік рефлексия Абайдың екінші қара сөзінде кездеседі. Рефлексияның бір түрін таңбалайтын рефлексивтер қазақ және ағылшын көркем мәтіндерінде ерекшеленеді. Мысалы, саногенді рефлексияның Абай мәтіндегі көрінісін *ашулану, күлу, ызалану, қуану* етістіктері және *әлдекім* белгісіздік есімдігі тасымалдаса, О. Уайльдте *one else* (біреу), *to influence* (әсер ету), *self-development* (өзін-өзі дамыту), *afraid of* (қорқу) рефлексивтері таңбалайды.

5. Қазақ және ағылшын көркем мәтіндеріндегі рефлексивтердің негізгі айырмашылықтары: а) ұлттық мәдени мазмұнға ие тілдік таңбалардан көрінеді (қазақша: «тажал», «ошақтағы қазан», «қара лашық», «сыбаға», «тегін білу» т.с.с. ағылшынша: «*ivory*» (ніл сүйегіндей), «*made of rose leaves*» (раушан гүлінің жапырағынан жаралған), «*olivecoloured face*» (зәйтүн түсті жүзі) т.с.с.

ә) Ағылшынша мәтіндердегі рефлексивтердің ерекшелігі: 1) қыстырма сөз тіркестері мәтінде болымды тұлғада қолданылғанымен, мәнмәтінде теріс бағалауды білдіреді; 2) себеп-салдар, шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдер мен болымсыз тұлғалы етістіктің жұмсалыу жиілігі жоғары. 3) субъект зат пен сапа предикат құрылымында келген сөйлемдер: *қызықты зат – суретшінің тұлғасы*; 4) жұп қолданылған антонимдес сөздерге бір сын есімнің ортақ қолданылуы: *exquisite joys* (жан тебіренерлік қуаныш) *and exquisite sorrows* (жанға батарлық қайғы). 5) Қалыптан тыс графика, арнайы метаоператор (смайлик) және түсіндірмелі құрылымдар. б) Қазақша мәтіндердегі рефлексивтердің ерекшелігі: 1) белгілі бір сөздердің қайталануы (жасқа келгенше/ жасқа келдік; енді, т.с.с), 2) сұраулы сөйлемдердің, болымсыз сөйлемдердің, антоним сөздердің жиі жұмсалыуы 3) синтаксистік құрылым: *мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас* (Кеш қарайып батқанша, көшеде балалармен ойнайтын едік); 4) арнайы метаоператорлардың қолданылмауы.

6. Респонденттерден алынған сауалнама нәтижелері рефлексия жасау кезінде тілдік тұлғаның ана тілінде қалыптасқан тілдік тәжірибесі өзге тілдегі мәтіндерді рефлексиялауға негіз болатынын көрсетті. Тілдік тұлға санасында қабылданған мазмұнды рефлексиялауда әртүрлі тілдік кодтардың жарыса таңдауға түсетінін (ағылшын тіліндегі сұраққа қазақша не орысша жауап беру,

мазмұны басқа мәтінді алдыңғы мәтінмен сабақтастырып жауап беру), яғни тілдік сананың рефлексиялауында қарсылық та орын алатынын көрсетеді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Диссертацияда алғаш рет қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексивтер салғастырмалы аспектіде талданды, метамәтіндер мен олардың түрлері, вербалдану ерекшеліктері анықталды. Ғылыми зерттеулерде көрсетіліп жүрген талдау сызбалары мен модельдері қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндерді талдауға қолданылды. Атап айтқанда, А.Құнанбайұлының «Қара сөздері» және ағылшын тіліндегі О.Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтіндеріндегі тілдік рефлексияны талдауға алғаш рет Г.Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделі» қолданылды. Бұл екі мәтіннің таңдалуының екі себебі бар: 1) жазылу уақытының сәйкестігі: А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» 1890-1898 жылдар аралығында жазылса, О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» туындысы 1890 жылы жарияланған; 2) талдауға алынған екі мәтіннің де жазылу стилі мен жанры әртүрлі болғанымен, екі автордың негізгі рефлексиясы жеке бас әрекетіне сыни талдау жасаудан асып, өздері өмір сүрген әлеуметтік орта мен қоғамдық қатынастарға сын көзімен қарауының анықтығы және оның тілдік рефлексивтерде айқын таңбалануы. А. Құнанбайұлының «Қара сөздері» мен О. Уайльдтің «Дориан Грейдің портреті» мәтіндерін аталған алты циклден тұратын модельге салып талдау арқылы авторлардың рефлексиясының вербалдануы, метамәтіндік комментарийлері мен метамәтіндік көрсеткіштер, синтаксистік құрылымдар, рефлексивтер сипаты анықталып, олардың метамәтіндік қызметтері айқындалды.

Метатілдік рефлексияның мәтіндік (метатілдік айтылымдардан көрінетін), дискурстық (нақты коммуникативтік жағдай мен оны реттеу амалдары), әлеуметтік (жеке тұлғаға не күллі қоғамға тигізер әсері) түрлерінің көрінісі талданып, жүйеленді. Тілдік рефлексияға метамәтіндік талдау жасау Б. Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа», У. Сомерсет Моэмның «Ай мен ақша» және Oscar Wilde (Оскар Уайльд) «The picture of Dorian Gray» (Дориан Грейдің портреті) көркем мәтіндері негізінде жүзеге асырылды.

Тілдік тұлғалардың тілдік рефлексиясын анықтау мен оны тасымалдайтын рефлексивтерді талдау мақсатында екі түрлі сауалнама жүргізілді. Оның біріншісі – тілдік тұлғалардың ана тіліндегі мәтінді зерделеуінде көрінетін метатілдік комментарийлерін талдауды мақсат етсе, тілдік тұлғалардың рефлексиясына жалпы талдау жасап ХХІ ғасырдағы тілдік тұлғалардың ХХ ғасырда жазылған шығарманы зерделеудегі метамәтіндік комментарийлері арқылы айырмашылықтар анықталса, екіншісі – тілдік тұлғалардың мәтінді екі тілде (қазақша, ағылшынша) зерделеуінде көрінетін метатілдік көрсеткіштерді, рефлексивтерді салғастырмалы талдауды мақсат етті.

Жұмыстың маңызды ғылыми жаңалығының бірі – қазақ тілі мен әдебиеті, филология білім бағдарламаларында білім алушылардың тілдік рефлексиясын

қалыптастыру мен дамыту мақсатында «Мәтінге рефлексивті талдау жасау моделінің» алғаш рет ұсынылуы.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі. Рефлексияның тілдегі көрінісін зерттеген ғалымдар, негізінен, ғылыми мәтіндерді талдау арқылы тұжырымдар алса, ұсынылып отырған диссертацияда көркем мәтіндер зерттеу дереккөзі ретінде алынды. Сонымен қатар алғаш рет қазақ және ағылшын тіліндегі көркем мәтіндердегі тілдік рефлексивтер салғастырылды, топтастырылды, қазақ және ағылшын тіліндегі рефлексивтер ерекшелігі айқындалып, лексика-семантикалық, дискурстық, метамәтіндік талдаулар негізінде сипаттамасы берілді, тілдік деректермен дәйектелді. Қазақ, ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер когнитивтік модельдеу әдісімен (G.Gibbs' Reflective cycle) талданып, салғастырылып, тілдік рефлексивтер (метамәтіндер, метаоператорлар) түрлері кестеленді. Тілдік тұлғалар санасындағы рефлексияның тілдік рефлексивтерде таңбалануын респонденттермен жүргізілген сауалнамалар арқылы айқындап, алынған материалдар талданып, қорытындыланып, соның негізінде бірінші рет мәтінге рефлексивті талдау жасау моделі ұсынылды.

Қазақ және ағылшын тілдеріндегі көркем мәтіндерде көрінетін тілдік рефлексияға дискурстық талдау жасау арқылы рефлексияның аталған тілдердегі (мәтіндегі) және сөздегі (дискурстағы) вербалдану амал-тәсілдерін анықтау, салғастыра талдау, сипаттау алғаш рет арнайы жүргізілгендіктен, алынған нәтижелер жаңашыл және рефлексивті лингвистика мәселелерін қазақ және ағылшын тілдерін салғастыра зерттеуімен маңызды. Ғылыми жұмыстың **теориялық маңыздылығы** рефлексивті лингвистика, дискурс теориясы, салғастырмалы және жалпы тіл білімін жаңа тұжырымдармен толықтырып, жаңа білім қосқанымен, алынған қорытындыларды жаңа ізденістер жасауда негізге алуға болатындығымен анықталады. **Практикалық мәні.** Диссертацияда қол жеткізген нәтижелерді жалпы тіл білімі, дискурс теориясы, рефлексивті лингвистика, лингвистика теориясы курстарын жүргізуде пайдалануға болады. Г.Гиббстің «Рефлексияның циклдік моделін», метамәтіндік комментарийлерді талдау сызбаларын пайдалану үлгісі, тілдік рефлексияны анықтау тәжірибесі осындай бағыттағы жұмыстарды жүргізуде үлгі-негіз бола алады. Қазақ тілі мен әдебиеті, филология білім бағдарламаларында білім алушылардың тілдік рефлексиясын қалыптастыру мен дамыту мақсатында ұсынылған «Мәтінге рефлексивті талдау жасау моделі» болашақ кәсіби лингвистер үшін пайдалы болады.

Зерттеу апробациясы. Диссертация жұмысының нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті филология факультетінің қазақ филологиясы кафедрасында докторанттарға арналған «Ғылыми-танымдық жұма» ғылыми семинарында «Тілдік рефлексия – лингвистикалық нысан» тақырыбында баяндама жасалды (2022 жыл).

Халықаралық 4-ші Анталия ғылыми және инновациялық зерттеулер конгресінде «Expression of linguistic reflection in fiction» тақырыбында баяндама жасалды (9-10 мамыр 2023 жыл). Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде ұйымдастырылған «Жас ғалымдар NETWORK-2022» форумына «Тілдік рефлексия және оның зерттелуі» тақырыбында спикер ретінде қатысты (22 сәуір 2022 жыл). Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған «Lifelong learning paradigm in the system of Kazakhstani education for sustainable development: practice and perspectives» V халықаралық ғылыми және оқу-әдістемелік конференцияда «Көркем мәтіндегі тілдік рефлексия және танымдық үдерістер» тақырыбында баяндама жасалды (15 наурыз 2024 жыл). Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті студенттері арасында А.Құнанбайұлы шығармаларының интерпретациялауын анықтауға арналған және қазақ, ағылшын тіліндегі көркем мәтіндер негізіндегі рефлексивтерді салғастыру мақсатындағы сауалнама электронды формада (Coogole forms) Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті студенттері арасында жүргізілді.

Зерттеудің жариялануы мен мақұлданыуы:

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша 8 мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған еңбектер:

1. Language Reflection: Metatextual Analysis // Journal of Psycholinguistic Research 20.03.2024. Процентиль 88%, Q 1.

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Тілдік рефлексия, рефлексив терминдерінің анықталуы // «Қазақстанның ғылымы мен өмірі» халықаралық ғылыми журнал №4/2 2020 ж. 369-372 б.б.

2. Тілдік рефлексия: сана мен тіл қызметінің қатынасы. // Тілтаным. Мерзімді ғылыми журнал. №4 (2023). 110-119 б.б.

3. Тілдік рефлексияның дискурспен, мәтінмен арақатынасы // Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Филология сериясы. №1 (146) /2024 ж. 119-129 б.б.

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. Тілдік рефлексияның лингвистикалық бейнесі // Филология ғылымдарының докторы, профессор Аймангүл Мырзалықызы Алдаштың 70 жасқа толған мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ауызша және жазба коммуникациядағы дәстүр мен белсенді үдерістер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Алматы, 2021 ж. 110- 114 б.б.

2. Рефлексияның тарихи-философиялық сипаты // Студенттер,

магистранттар, PhD докторанттар, оқытушылардың «Жастар, ғылым және инновация» XVIII Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Ақтөбе, 12 сәуір, 2022 ж. 614-617 б.б.

3. Expression of Linguistic Reflection in Fiction // 4. International Antalya Scientific Research and Innovative Studies Congress. Antalya, 2023. 1155-1162 pp. ISBN - 978-625-367-097-9 (Ауызша баяндама жасалды. Сертификат.)

4. Көркем мәтіндегі тілдік рефлексия және танымдық үдерістер // әл - Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 90 жылдығына арналған «Lifelong learning paradigm in the system of Kazakhstani education for sustainable development: practice and perspectives» V халықаралық ғылыми және оқу әдістемелік конференция. Алматы, 15 наурыз 2024 ж. 240-242 б.б.

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан және қосымшалардан тұрады. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 146 бет.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің **рефлексивті лингвистика, дискурсология** саласының даму бағыттарына және **Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына** сәйкес дайындалған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2019 жылдың 31 желтоқсаны, №1045 бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

«Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (I. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 21.11.2018 ж.).

ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Зерттеу тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.